ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 мамыр № 5165-23-00-2/931 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының Төтенше жағдайлар Департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«RoadHunters (РоудХантерс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Т.Н. Сейдуәлі.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2023 жылғы 03 наурызында № 106-23 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай-Шарт) түзілген.

Шарттың № 1 қосымшасына сай орындау мерзімі: Шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде болып, жалпы сомасы 855 000 теңгеге, жауапкер 9-дана цифрлық бейнекамера тауарын талап қоюшыға жеткізуге міндеттеме алған.

Аумақтық қазынашылық органының шарттарды тіркеу туралы хабарламасына сәйкес Шарт 2023 жылғы 03 наурызында тіркелген.

Талап қоюшы тарапынан Шартты біржақты бұзу туралы хабарламасы порталға жолданып, 2023 жылғы 13 сәуірінде Шарт бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/1036

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының Төтенше жағдайлар Департаменті» мемлекеттік мекемесі сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында Шарт түзілгенін, алайда жауапкер «RoadHunters (РоудХантерс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шарт бойынша тауарды жеткізбегенін көрсеткен.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшының өкілі Т.Н. Сейдуәлі, сотта талапты толық қолдап, оны арызда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі белгісіз себептермен іске қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сәйкес сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарады.

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 26 мамырдағы ұйғарымымен талап қоюшының жауапкерден мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 17 955 теңгені өндіру туралы № 2 талабы қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Г. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/1036

туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында Шарт түзілген, дегенмен жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемесін орындамай, тиісті тауарды талап қоюшыға жеткізбеген, бұл мәселе іске тігілген талап қоюшының Шартты бұзу туралы хабарламасымен және істегі басқа да құжаттарымен толық дәлелденеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкер сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 теңгені өндіру қажет деп табады

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының Төтенше жағдайлар Департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «RoadHunters (РоудХантерс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «RoadHunters (РоудХантерс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/1036

алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023

5165-23-3-1/1036